



SARGAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sargan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №15 (95173) 24 сәуір 2026 ж.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӨҢІРЛІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САММИТТІҢ ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫСЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ

Өңірлік экологиялық саммиттің пленарлық отырысының ашылуында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Армения Президенті Ваагн Хачатурян, Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсух, Грузия Президенті Михаил Кавелашвили, Өзбекстан Премьер-министрі Али Асадов, БҰҰ Бас хатшысының экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ли Цзюньхуа, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасының директоры Ингер Андерсен, сондай-ақ БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының атқарушы хатшысы Татьяна Молчан баяндама жазады.



Өңірлік экологиялық саммиті БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдармен бірге ұйымдастырылып отыр. Диалог алаңының мақсаты – экожүйелерді, су және жер ре-

сурстарын қорғау, қалпына келтіру әрі бірлесе пайдалану бойынша кешенді саясат пен тетіктерді қалыптастыру, Орталық Азия өңірінің биоалуантүрлілігін сақтау.

Қазақстан мен Моңғолия президенттері кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ухнаагийн Хурэлсухтың келіссөзі ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты.

Тараптар екі елдің сан қырлы ынтымақтастығы достық пен өзара қолдау рухында дамып келе жатқанына назар аударды.

Президент шақыруын қабыл алып, елімізге мемлекеттік сапармен келгені және Аймақтық экологиялық саммитке қатысуға ниет білдіргені үшін Моңғолия Президентіне алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы қазанда Моңғолияға жасаған мемлекеттік сапарын ықыласпен еске алып, соның нәтижесінде көптеген уағдаластыққа қол жеткізілгенін, ал екіжақты қарым-қатынас стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілгенін атап өтті.

–Сауда-экономикалық ынтымақтастығымыз нығая түсуде. Бірқатар жетістіктер бар. Тауар айналымы жылдан жылға артып келеді. Өнеркәсіп саласына қатысты нақты жобаларды іске қосуды жоспарлап отырмыз. Бүгін елордамызда Қазақ-моңғол бизнес-форумы өтеді. Оған Моңғолиядан келген көптеген компаниялар қатыспақшы. Біз мұны толық құптаймыз. Сіздің де тарапыңыздан көрсетілген қолдауға ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Бытыр Қазақстан мен Моңғолия арасындағы сауда көлемі 7,7 пайызға өсіп, 130 миллион доллардан асқан.

Өз кезегінде Ухнаагийн Хурэлсух бұл сапар нәтижесінде қос халықтың достығы мен сан қырлы ынтымақтастығы нығая түсетініне сенім білдіріп, Қазақстанды Моңғолияның Орталық Азиядағы алғашқы стратегиялық серіктесі деп атады.

– Достық қатынастарды одан



әрі күшейтуге, сондай-ақ сауда-экономикалық ынтымақтастығымыздың аясын кеңейтуге сыртқы саясатымызда ерекше басымдық береміз. Соңғы екі жылда көптеген ортақ міндеттерді қолға алып, өзара серіктестігімізді жаңа деңгейге көтердік. Екі ел арасындағы сенімді байланыстарды нығайтуда заң шығарушы органдар айрықша рөл атқарады. Өзара серіктестік әлеуеті зор. Сіздің 2024 жылғы елімізге сапарыңыз аясында Моңғолия мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыру бойынша 2025-2027 жылдарға арналған жол картасына қол қойылған еді. Ендігі міндет – өзара тауар айналымын 500 миллион долларға дейін жеткізу, – деді Моңғолия Президенті.

Ухнаагийн Хурэлсух Қазақстан Президентін жаңа Конституцияны қабылдау бойынша жалпыұлттық референдумның табысты өтуімен құттықтап, бұл тарихи уақиға Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, заң үстемдігіне негізделген қоғам құруға негіз

болатынына сенім білдірді.

Келіссөз барысында тараптар ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп, цифрландыру, тау-кен, туризм, көлік-логистика, өңіраралық байланыс бағыттарындағы өзара тиімді серіктестік перспективасын талқылады.

Мемлекеттер басшылары бұл ретте Үкіметаралық комиссияның жұмысын жандандыру, Астана – Ұлан-Батыр, Өскемен – Өлгей бағыттарындағы әуе рейстерін қайта ашу, екі ел арасында төте автокөлік жолын салу мәселесін пысықтау мақсатында Үкіметаралық жұмыс тобын құрудың маңызына мән берді.

Қазақстан Президенті Баян-Өлгей аймағында Қазақстан консулдығын ашуға көрсеткен қолдауы үшін Моңғолия Президентіне алғыс айтты.

Бұдан бөлек, кездесуде екі елдің білім беру, мәдениет және туризм салаларындағы ынтымақтастығын ілгерілету мәселесі қарастырылды.

(Жалғасы 2-бетте).

Бүгінгі нөмірде:

► Қоғамның тазалығы бізден басталады



3

► Тұлғаның туған жерінде



4

► Кітап немесе телефон



5

► Еуропалық имундау апталығы



7

(Соңы. Басы 1-бетте).

Келіссөз қорытындысы бойынша екі елдің ресми делегация мүшелері қол қойылған құжаттармен алмасты:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мен Моңғолия Сыртқы істер министрлігі арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы меморандум;

2. Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасында сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыру жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

3. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі мен Моңғолия Өнеркәсіп және минералды ресурстар министрлігі арасында атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану бойынша өзара түсіністік туралы меморандум;

4. Қазақстан Республикасы Қаржы

Қазақстан мен Моңғолия президенттері кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді

министрлігі мен Моңғолия Қаржы министрлігі арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум;

5. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен Моңғолия Өнеркәсіп және минералды ресурстар министрлігі арасындағы мұнай саласы бойынша ынтымақтастық туралы меморандум;

6. Мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық жөніндегі 2026-2027 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары;

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі мен Моңғолия Банкі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

8. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ мен

«Erdenes Mongol LLC» компаниясы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

9. Астана қаласының әкімдігі мен Қарақорым қаласының әкімшілік аппараты арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум («Жаңа Қарақорым» жобасы);

10. Алатау қаласының әкімдігі мен Қарақорым қаласының әкімшілік аппараты арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум («Жаңа Қарақорым» жобасы);

11. Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокешені мен

Моңғолияның Ұлттық қоғамдық радио және теледидары арасындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум;

12. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен Моңғолия Ғылым академиясы арасындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум;

13. Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Моңғолияның «Шыңғысхан» Ұлттық музейі арасындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум.

► Жетісу облысына – 4 жыл

«Қорғас» ШЫХО-ға келушілер 967 мыңнан 1,8 млн адамға жетті

Соңғы жылдарда «Қорғас» ШЫХО-да инфрақұрылымды цифрландыру, автоматтандыру және жаңғыртудың кешенді іс-шаралары жүзеге асырылуда. Соның нәтижесінде аталған орталық туризмді, сауда мен инвестицияны дамытуға бағытталған заманауи инфрақұрылымы бар тиімді алаңға айналды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Қорғас» ШЫХО басқарма төрағасының орынбасары Сейілбек Садырбектің айтуынша, мұнда барлық басқару және өткізу жұмыстары толық цифрландырылып, Face ID жүйесі енгізілген.

– «Қорғас» ШЫХО-ның басты ғимаратына күрделі жөндеу жұмысы жүргізіліп, оған кіруден бастап, тауарды беруге дейінгі процестің бәрі толық цифрландырылды. QR код арқылы онлайн билет алу мүмкіндігі жасалды. Осының нәтижесінде орталықтың өткізу қабілеті айтарлықтай өсті. Мысалы, 2024 жылмен салыстырғанда былтыр келушілер саны 16 пайызға артты. Бұған дейін біз 4-5 мың адам ғана қабылдасақ, қазір 9 мың адамға дейін қабылдау мүмкіндігіміз бар. Биыл бұдан да көп турист келеді деп күтудеміз, – дейді С.Садырбек.

Сонымен қатар екінші багаж терминалы, жүк тасымалдау бойынша «Қазпошта» сервисі іске қосылды. Соның арқасында тауар тасымалдау жеңілдеген. Мәселен, бұған дейін тауар тасымалы 4-5 сағатқа созылса, цифрландырудың арқасында бұл жұмыс 1-1,5 сағатта атқарылатын болды.

Өз кезегінде тұрғындар қазір бекетте кептеліс азайып, жұмыс едәуір жеңілдегенін айтады. Мәселен, Жаркент қаласының тұрғыны Лилия Жұмаханова:

– Жұмысыма байланысты күнделікті бекет арқылы өтемін. Әр келген сайын оң өзгерістерді байқаймын. Бұрын бекеттегі ұзын-сонар кезек сыртқа дейін созылатын. Қазір бұрынғыдай емес, цифрландыру арқылы кезек бір ізге қойылды, ғимараттың іші кеңейіп, жаңартылды, – деді ол.

Жаркент қаласының тағы бір тұрғыны Мадияр Құрманбаев:

– Бұрын біз билет алу үшін бекетке арнайы келіп, кезекке тұратынбыз. Ол тұрғындарға айтарлықтай қиындық туғызатын. Қазір цифрландырудың арқасында билетті түрлі банк желілері арқылы онлайн алып, бекеттен оңай өтетін болдық, – дейді.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде орталыққа келушілер саны 2023 жылы 966,9 мың болса, бұл көрсеткіш 2025 жылы 1,8 млн. адамға жетті.

Сөйтіп, «Қорғас» ШЫХО инфрақұрылым мен цифрлық сервисі, туризм мен еларалық сауда-саттықты дамытуға ықпал етіп отыр.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



«Қорғас» аймағындағы «Нұр Жолы» өткізу пунктi мен «Алтынкөл» стансысы – еліміздің оңтүстік-шығыс шекарасы маңындағы басты көлік тораптары. Қазіргі уақытта мұнда өткізу қабілетін арттыру және цифрландыру бағытында қарқынды жұмыс жүргізілуде, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Нұр Жолы» кеден бекеті басшысының орынбасары Серік Дәукеновтің айтуынша, жұмыс тиімділігін арттыру үшін «Нұр Жолы» өткізу пунктінде CarGoRuqsat электрондық кезек жүйесі енгізілген. Пунктің өзі 2023 жылдың тамыз айынан бері тәулік бойғы жұмыс режиміне көшкен. Сондай-ақ биыл пункт аумағында ірі габаритті көліктерге арналған ұзындығы 2,4 шақырым айналма жолдың құрылысы аяқталды. Соның нәтижесінде инфрақұрылымға түсетін жүктеме 40-45% азайып, қызмет көрсетілетін көліктер саны артты.

Сонымен қатар кеден бекеті аумағында бельгиялық «Sarens» компаниясының қойма кешені мен жаңа айналма жол салу жобасы іске асырылуда. «Нұр Жолының» өткізу қабілетін арттыру үшін жинақтау алаңдары мен жол бойындағы инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жүргізілуде. Халықаралық автовокзал құрылысын қоса алғанда, 15 мыңға дейін автокөлікті орналастыруға мүмкіндік беретін төрт инвестициялық жоба іске асырылып жатыр.

Шекаралық аймақтағы негізгі теміржол торабы – «Алтынкөл» стансысында 6 кең жолдан тұратын жаңа экспорттық парктің құрылысы аяқталды. Стансы бекетінің бастығы Данияр Нұрқасымовтың айтуынша, мұнда ұзындығы 294 шақырым болатын «Алтынкөл-Жетіген» учаскесін жаңғырту жобасы іске асырылуда.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес көлік логистикасы инфрақұрылымдық деңгейден экономикалық деңгейге кезек-кезеңімен көшіріліп, соның нәтижесінде «Нұр Жолы» кеден бекеті мен «Алтынкөл» стансысындағы автомобиль және теміржол жолдарының өткізу қабілеті арттырылды, жүк және жолаушылар тасымалы көлемі артып, кірістер ұлғаюда.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бейбіт Исабаев XXV Сурдлимпиада ойындарының жүлдегері Рамазан Әбдрасілге бір бөлмелі пәтер кілтін табыстады

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев XXV жазғы Сурдлимпиада ойындарының грек-рим күресінен қола жүлдегері, биылғы Қазақстан чемпионы Рамазан Әбдрасіл мен жаттықтырушысы Әлімжан Базарбекті қабылдады, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшысы спортшыны жоғары жетістігімен құттықтап, оның Токио қаласында өткен XXV Сурдлимпиада ойындарындағы жеңісі тек Жетісу үшін ғана емес, бүкіл ел үшін маңызды оқиға болғанын жеткізіп, жылы лебізін білдірді.

– Рамазан Әбдрасіл жақында Шымкент қаласында өткен сурдо грек-рим күресінен ел кубогының чемпионы атанды. Рамазанның жоғары жетістіктері көпжылдық қажырлы еңбектің, сондай-ақ жаттықтырушысының кәсібилігі мен тынымсыз жұмысының нәтижесі. Осыған орай жаттықтырушы Әлімжан Базарбекұлына осындай талантты спортшы мен еліміздің нағыз патриотын дайындағаны үшін, сондай-ақ отандық спорттың дамуына қосқан үлесі үшін шын жүректен алғысымды білдіремін, – деген Б.Исабаев чемпионға Талдықорған



қаласының жаңа шағын ауданында орналасқан тұрғын үйден бір бөлмелі пәтердің кілтін, жаттықтырушысына ақшалай сыйлық сертификатын тапсырды.

Кездесу барысында облыс әкімі спорттық инфрақұрылымды дамыту мәселесіне де назар аударды. Ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың

инклюзивті спорт нысандарын салу туралы тапсырмасына орай Талдықорған қаласында «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен инклюзивті спорт орталығының құрылысы басталғанын атап өтті.

Кездесу барысында палуан мен жаттықтырушысы өңірде спортты дамытуда жасалып жатқан жағдайлар үшін

облыс басшылығына ризашылығын білдірді.

– Бізге жан-жақты қолдау көрсеткендеріңізге шын жүректен алғыс айтамын. Төрт жылдан кейін Сурдлимпиада ойындарында топ жарып шығамын деген сенімім бар. Соған бар күш-жігерімді саламын, – деді Рамазан Әбдрасіл.

Кездесу соңында өңір басшысы жас палуанға алдағы Азия-Тынық мұхиты ойындарында үздік өнер көрсетіп, әлемдік аренада ел абыройын асқақтататынына сенім білдірді.

Атап өтсек, былтыр қараша айында Токио қаласында өткен XXV жазғы сурдлимпиада ойындарында Р. Әбдрасіл қола жүлде иеленсе, биыл 14-16 сәуір күндерінде Шымкент қаласында өткен Қазақстан Республикасының Кубогында I орын иеленіп, Азия-Тынық мұхиты ойындарына жолдама алған болатын.

Жалпы, Жетісу облысында «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» КММ-да есту мүшесі зақымдалған (сурдо) спортшылар арасында грек-рим күресімен 21 спортшы шұғылданады. Аталған орталықта 3 жаттықтырушы жұмыс істейді. 2025 жылдан бері сурдо грек-рим күресінен 1 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 2 Қазақстан Республикасының спорт шебері, 11 спорт шеберіне үміткер дайындалған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

КИНОПРОКАТ ҚЫЗМЕТТЕРІ НАРЫҒЫНА ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ БАСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті (бұдан әрі — Департамент) 2024–2025 жылдардағы кинопрокат қызметтері нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізуде.

Талдау аясында монополияға қарсы заңнаманың сақталуына, соның ішінде кинотеатрлар мен кинотеатрлар желілерінің қосымша қызметтерді күштеп таңу ықтималдығына, фильмдерді прокатқа шығару шарттарының өзгеруіне және бәсекелестік ортаға әсер етуі мүмкін басқа да аспектілерге қатысты іс-қимылдарына ерекше назар аударылатын болады.

Сонымен қатар, фильмдерді кинопрокатқа шығару кезінде кәсіпкерлік субъектілері үшін кедергілер тудыратын факторларға бағалау жүргізіледі.

НАЧАТ АНАЛИЗ И МОНИТОРИНГ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КОНГЛОМЕРАТА

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу начал анализ и мониторинг деятельности конгломерата ТОО «Когер ЛТД».

Проводимая работа направлена на изучение состояния конкурентной среды на товарных рынках, а также выявление субъектов рынка (групп лиц), занимающих доминирующее или монопольное положение. По итогам анализа планируется выработка мер по защите и развитию конкуренции.

В рамках мероприятия будет проведено комплексное исследование деятельности конгломерата с целью оценки уровня конкуренции на соответствующих товарных рынках.

Параллельно осуществляется мониторинг, предусматривающий сбор и анализ информации для выявления и пресечения возможных нарушений антимонопольного законодательства, в том числе связанных со злоупотреблением доминирующим положением.

МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ОРГАННЫҢ НҰСҚАМАСЫ ОРЫНДАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті Мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіне мониторинг жүргізді.

Мониторинг қорытындысы бойынша «Жетісу облысының білім басқармасы» ММ «Көксу ауылшаруашылық колледжі» ШЖҚ МКК, «Талдықорған сервис және технология колледжі» ШЖҚ МКК жарғылық қызмет түрлері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.12.2015 жылғы №1095 Қаулысына сәйкес келмейді, бұл Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын бұзады.

Осыған байланысты Департамент анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде нұсқамалар шығарды. Қазіргі уақытта нұсқамалар толық көлемде орындалды.

Су тасқыны және сел - бұл табиғи апаттар, оның барысында адамдар, жануарлар өліп, ғимараттар мен тұрғын үйлер қиратылады. Су тасқыны және сел тасқыны кезіндегі қауіпсіздік көбінесе оларға алдын-ала дайындалу арқылы қамтамасыз етіледі.

Су тасқыны негізінен келесі себептерден туындайды:

- қатты немесе ұзаққа созылған жауын-шашын, қар мен мұз кептелісінің тез еруі;

- теңізден жағаға және өзендер сағасына қатты жел немесе толқынмен судың ағуы;

- табиғи себептер бойынша да, адамның кінәсінен де дамбалар мен су қоймаларының серпінділігі.

Мұзды кептелістер мен өзендердің жоғарғы ағысындағы топырақ көпірлері су тасқыны кезінде бірден пайда болады.

Басқа жағдайларда су тасқыны қаупіне дер кезінде ден қоюға мүмкіндік беретін уақыт резерві бар.

Сондай-ақ гидрологиялық болжамдарға назар аудару керек.

Егер сіз өзіңізді жеке қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз еткіңіз келсе, сізге:

- толқынның алғашқы соққысында құлаған емес, күрделі құрылыстарды салу;

- барлық отбасы мүшелеріне жүзуді үйрету;

- қайыққа ие болу (ең дұрысы екі - біреуі қарапайым, екіншісі - үрленетін);

- елді мекенге жақын орналасқан топографиялық биік нүктелермен танысу;

- Табиғи апат туралы ескерту әдістері мен формаларын білу.

Су басу аймағындағы әрекеттер

Егер сіз өзіңізді су басу аймағында

СУ ТАСҚЫНЫ ЖӘНЕ СЕЛ

тапсаңыз, сізге:

- үйдегі газды, электр қуатын және суды өшіріңіз;

- жылыту пештерін сөндіру;

- үйдің құнды заттарын ғимараттың жоғарғы қабаттарына немесе шатырларға өткізуге;

- үйдің бірінші қабаттарының терезелері мен есіктерін әйнектің сынуына және үйге құбылмалы қоқыстың енуіне жол бермеу үшін тақталармен немесе фанерамен жабу;

- Үй жануарлары орналасқан сарайдағы есіктердегі ысырмаларды ашыңыз.

Кенеттен су тасқыны болған кезде, өзіңізбен бірге жылы және жақсырақ су өткізбейтін киімді, көрпе, тамақ, т.с. алып, рельефтің бұрын-соңды су баспағаны белгілі биік жерлерге шығыңыз. Егер олар жоқ болса, сіз қайық пен басқа да мінсіз жүзу құралдарын жүзуге дайындалуыңыз керек.

Суды төгіп болғаннан кейін, электр сымдарының жырталуына, бұзылған газ желілеріне назар аударыңыз.

Үйге кірер алдында оның құрылымы су элементінің соққыларының астында босап қалмағанына көз жеткізу керек.

Суда табылған тағамды қолдануға болмайды, немесе суды су басу мүмкін емес.

Сел қаупі, сел қаупінің белгілері

Сел ағындары - бұл жекелеген біліктерде қозғалатын, таулы рельефке тән су мен борпылдақ қоспалардан тұратын қысқа мерзімді балшық тас ағындары.

Олар морена көлдерінің серпінділігі, еріген қардан судың толып кетуі және

Қоғамның тазалығы бізден басталады

Сыбайлас жемқорлық сенімге нұқсан келтіреді, заңдарды бұрмалайды және елдің дамуына кедергі келтіреді. Біздің әрқайсымыз осы зұлымдықпен күресуге жауаптымыз – қарапайым азаматтардан бастап мемлекеттік қызметкерлерге дейін.

Сыбайлас жемқорлық неге қауіпті? Сенімді бұзады: институттардың әділдігі мен адалдығына деген сенімге нұқсан келтіреді.

Экономикалық залал: ресурстарды тиімсіз бөлу бизнес пен экономиканың дамуын баяулатады. Әлеуметтік теңсіздік: аз адамдар үшін артықшылықтар байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықты арттырады.

Сыбайлас жемқорлықпен қалай күресуге болады?

Білім және хабардарлық: өз құқықтарыңызды біліңіз, заңдарды оқыңыз және жаңалықтарды қадағалаңыз.

Ашықтық және бақылау: мемлекеттік органдар мен бизнестің жұмысында ашықтықты талап ет.

АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК: қоғамдық бастамаларға қатысыңыз, петицияларға қол қойыңыз және адал кандидаттарға дауыс беріңіз.

Жеке адалдық: күмәнді ұсыныстардан бас тартыңыз, әр істе әділдік пен жауапкершілікті сақтаңыз. Біз бірге адалдық пен әділеттілік нормаға айналатын қоғам құра аламыз! Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі өз рөлін мүмкіндігінше көп адамдар түсінуі үшін осы жазбамен бөлісіңіз!

Е. ҚУАНЫШҰЛЫ,

Сарқан ауданы ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау капитаны.

Өрт қауіпсіздік шараларын күшейту уақыты

Көктем және жаз мезгілдерінде ауа райының жылынуына байланысты өрт қауіпті кезең басталады. Бұл уақытта далада, орман алқаптарында және елді мекендер маңында өрт шығу қаупі айтарлықтай артады. Өрттердің негізгі себептері — құрғақ шөпті жағу, отты абайсыз пайдалану, темекі тұқылын тастау, сондай-ақ балалардың отпен ойнауы. Көп жағдайда табиғи өрттер адам факторынан туындайды. Өрттің алдын алу мақсатында тұрғындарға келесі қауіпсіздік талаптарын сақтау қажет:



- құрғақ шөп пен қоқысты жақпау;
- орман және дала аумақтарында ашық от жақпау;
- жанғыш қалдықтарды бақылаусыз қалдырмау;
- балаларды қараусыз қалдырмау;
- өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау. Өрт байқалған жағдайда дереу 101 немесе 112 нөмірлеріне хабарлау қажет. Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 367, 410 және 336-баптар бойынша әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Өрт қауіпсіздігі — әр азаматтың ортақ міндеті. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы табиғатты және адам өмірін сақтай аламыз.

Ә.ҚАБДЕШОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

•су тасқынына дейінгі қорғасынның пайда болуы, судың бұлдырлығы жоғарылауымен сипатталады.

Сел қауіпті жерлерде өзін қалай ұстау керек

- таудағы жағдай туралы бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларын үнемі қадағалап отыру;

- егер қауіпті бассейннің жоғарғы ағысында қатты жауын-шашын болса, сел қауіпті арнасын қалдырыңыз;

- қозғалатын селге 50-70 м-ден жақындамаңыз;

- тік жартастар мен тік беткейлердің жанында тоқтамаңыз, өйткені сел жүру кезінде дірілдеу нәтижесінде құлау немесе таулар пайда болуы мүмкін;

- сел тасқыны арналарымен адамдар арасында кемінде 20-30 метр аралықпен жүру;

- демалуға тоқтамаңыз және сел қауіпті каналдардың жанында, көл көпірлерінде (бөгеттерде) және олардың астында лагерьлер құрмаңыз;

- егер сел жүру белгілері байқалса, мүмкіндігінше арнадан тау баурайына дейін алыс жүріңіз;

- Селдің өзегінен өткеннен кейін сел арнасына түсіп кетпеңіз - оған басқа білік ілінуі мүмкін;

- арнадан түсіп жатқан кезде және әсіресе сел жүретін учаскелерде және шұңқырларда қатты абай болыңыз;

- Морена-мұздық кешенінде болуға және сел жүру қаупі жоқ немесе ауа райының теріс температурасында жақсы болған кезде жүруге кеңес беріледі;

- тұрақсыз жатқан қоқыстардан тұратын, сонымен қатар қозғалатын мұздық немесе көшкін нәтижесінде пайда болған көлдердің бойымен қозғалмаңыз.

А.ТОЛЕУОВ,

ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ Сарқан ӨПБ басшысы.

Тарихымызды тану, өткенімізді ұғыну көп жылдар бойы біз үшін арманға айналғаны анық. Қадыр ақын айтқандай «тарихы қалың болғанымен тарих кітабы жұқа» ұлт едік біз... Патшалық заман да, кеңестік кезең де тарихымызды терең тануымызға ықтият емес-тін, қайта Қазан төңкерісінен кейін ғана көзі ашылған мүскін ғаріптің тазкепешін кигізу қаншама ұлысты ноқталап ұстауға негіз болмады ма? Үндінің ұлы қайраткері Джавахарлал Неру қызына жазған хатында «Үстем күш өз тарихымызды жасырып, оқытпай келген, өйткені тарихымызды білсек біз бас көтере бастаймыз», - депті. Осы сөздердің тұсына мұхиттай терең данышпан жазушымыз Мұхтар Әуезов: «Біздің тарихымыз да солай жазылған» - деп жазып қойған екен. Жиынды ашқан Сарқан ауданының әкімі Ғалымжан Маманбаев ұлы тұлғаны ұлықтау бағытындағы өз ойларын ортаға салды.

Ұлт ғұмырындағы күллі тағдырлы бетбұрыстар жасалған жиырмасыншы ғасыр қазақтың мындаған жылдық тарихының шешуші үзіктерінің бірі. Сол ғасырдың басында ұлтымыздың ұлы тұлғаларының сапында Мұхамеджан Тынышбаев тұрды. Ана жылдары ұлы тұлға хақындағы «Қыран қия» кітабын хатқа түсірерде алаштың жақсылары мен жайсаңдарын ақтау ісіне зор үлес қосып келе жатқан «Алаш һәм Алашорда» атты монографиясы мен А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамбетов, М.Тынышбаев, Т.Рысқұлов т.б. ел ардақтылардың өмірі мен шығармашылық мұраларына арналған зерттеулер жазған академик Кеңес Нұрпейісовтың еңбектеріне сүйендік. Алаштың ақиқатын елден бұрын айтқан Манаш Қозыбаев, Әбу Төкенов сынды белді де беделді ғалымдардың зерттеулерін басшылыққа алдық. Бұл басқосуға келген Мемлекет және Қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Ерлан Арын ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастыру бағытындағы нақты ұсыныстарын айтты. Ерлан Мұхтарұлының мерейтойды Қазақ елімен ғана шектелмей, бүкіл Түркі дүниесіне ортақ қалыпта өткізуді, шығармаларын шет тілге аудартуды басты нысана тұтқан ұсынысы көпшілік қолдауын тапты.

Ол өткен жол, ол жүрген соқпақ өте күрделі: Верный гимназиясының алтын медальді түлегі, Петербургтегі I Александр атындағы теміржол институтының үздік студенті, II Думаның ақиқат жолында арыстандай арпалысқан депутаты, Орта Азиядағы Әмудария теміржол көпірі құрылысының бас инженері, Алашорда үкіметі көсемдерінің бірі, Түркістандағы Қоқан автономиясының премьер-министрі, Түркісіб темір жолының бас инженері... Бұл Мұхаң өткен үлкен жолдың біз білетін бекеттері ғана. Білмейтінімізді бір ғасырда бір туатын ғұламаның жазбаларынан іздейміз, аңсар-мұратын сезінуге ұмтыламыз. Бүкіл қазақ мақтан тұтатын тұлғаның немересі Елена Ескендірқызы Тынышбаеваның тебіреністі сөзі жиналғандарды өткен күнге жетеледі.

М.Тынышбаевтың жазғандары бір ізге түсіріліп, жинақталып, 1992 жылы «Жалын» баспасынан «Ақтабан шұбырынды» деген атпен жарық көрді. Осы жинақтың беташары іспетті «Қырғыз-қазақ халқының тарихына материалдар» мақаласынан бастап қазақтың түп-тұқияны, тек-тамыры, рутайпалары хақында ғылыми тұрғыда сипаттама жасаған еңбектері кейіннен талайлы, тағдырлы зерттеулерге арқау

Жуырда, сәуірдің 19-ында Алаштың ардақты тұлғасы Мұхамеджан Тынышбаевтың туған жері Қарғалы ауылында мағыналы басқосу өтті. Бұл жиынды араға жылдар салып келетін ұлт мақтанышының туғанына 150 жыл толатын мерейтойы алдындағы ақылдасу іс-шарасы деп тануымызға болады.

ТҰЛҒАНЫҢ ТУҒАН ЖЕРІНДЕ

болғаны анық. Бұл еңбектерді оқып отырып, авторының энциклопедиялық біліміне, эрудиттігіне тәнті боласыз. Оны кезінде атақты генетик және селекционер ғалым Н.И.Вавиловтың Орта Азия мен Қазақстанға жоспарланған болашақ экспедициясына кеңесші болуға шақырғаны осы білімпаздығынан туындағаны талас-сыз. Білімпаз ғалымның мұрасын зерттеп, Тынышбаевтың өмірі мен та-

сонау ғасырлардағы болмыс-бітімін зерделеу арқылы рухани түлеуге талпынған жастарымызға дем берген Тынышбаев тағылымына бас игеніміз абзал. Келесі кезекте сөз алған техника ғылымдарының кандидаты, М.Тынышбаев атындағы Алматы логистика және транспорт университетінің кафедра меңгерушісі Ғалымжан Қожахатұлы Әшірбаев Тынышбаев мұрасын зерттеу жалғасын тауып



рихи қызметі туралы докторлық диссертация қорғаған Алаштанушы ғалым, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры Гүлбану Саламадинқызы Жүгенбаева Алаш қайраткерінің бізге белгісіз қырларын әңгімелеп берді.

- Ең құдыретті шығармашы - тарих, қаламгер иманы түзу хатшы бола білсе тарихқа тіл бітеді, - депті ұлы Бальзак. Бұл тұрғыдан алғанда Мұхамеджан Тынышбаев көңілінің түзулігін, жүрегінің тазалығын, кеудесінің білімге қазына екендігін дәлелдеп, тарихқа тіл бітіре білді. Демек, тәуелсіздік игілігін көріп отырған бүгінгі кезеңде қазақ халқының

жатқандығын жерлестеріне жеткізді.

Алматы қаласында өткен жиында М.Тынышбаев атындағы қордың төрағасы болып сайланып, үлкен жауапкершілік арқалап жүрген қазақ еліне белгілі кәсіпкер, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Саят Жанатбекұлы Есімханов Алаш идеясы бүгінгі тәуелсіздігіміздің бастауы екендігін тағы да сараптап өтті. Ендігі кезекте ұлы тұлғаның 150 жылдығы қарсаңында Астанадан бастап ауылдарға дейін алты алаштың ардақтысы М. Тынышбаевтың еңбектерін қайта електен өткізіп, салмақтысын сана таразысына қайта



салудан ұтпасақ ұтылмайтынымыз хақ. Мерейтойдың Сарқанмен, Қарғалымен, Жетісумен шектелмей республика көлемінде кеңінен атап өтілуіне алғышарт қалауымыз парыз.

Жиын көпшіліктің ықылас-ниетімен аяқталды. Атамыздың мұралары қайта жаңғырып, мағыналы әңгімелер жиналғандардың көкейінде қалды. Өз кезегінде мен Алаш арысына арналған дастанымнан үзінді оқып, Мұхамеджан атамыздың монологумен жиынды тиянақтадым:

-Арманын қалай ғана

сарқады адам,
Бодандық тұтас елді жаңқалаған.
«Алаштың» уығы боп

шаншылғанда,

Қайғынды, қалың қазақ, арқалағам.
Адал адам жаладан жасқана ма?
Ұрпағым төзіпті сан масқараға.
Елу тоғыз жасымда атылған ем,
Мәңгілік ғұмыр бердің, Хақ тағала!
Тәуба, тәуба!!!

Жиыннан соң Қарғалы мешітінде Алаш арысына құран бағышталды, құрбандық шалынды. Ұлт мақтанышына арналған ас үстінде мағыналы әңгімелер айтылды. Осы жолы туған жерінде бастау алған шара бұдан да кеңірек ауқымда жалғасын табатын болады.

Жомарт ИГИМАН.



Мемлекеттік рәміздерді қолдану тәртібі түсіндірілді



Жуырда Сарқан аудандық әкімдігінің үлкен мәжіліс залында мемлекеттік рәміздерді қолдану жөнінде семинар өтті. Іс-шараны Мемлекеттік рәміздерді қолдану жөніндегі Жетісу облысы әкімдігі жанындағы комиссия хатшысы Лаура Жарменкенова ашып, жүргізді.

Лаура Оспанқызы ҚР мемлекеттік рәміздерін пайдалану және қолдану жөніндегі әдістемелік құралды жан-жақты кеңінен тарқатып, Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңбасы және Әнұранының маңыздылығы мен оларды дұрыс пайдалану тәртібін түсіндірді.

Семинарда мемлекеттік рәміздерді оқу орындарында, мекемелерде қолдану ережелері, сондай-ақ заң талаптары таныстырылды. Сонымен қатар, рәміздерді пайдалану, қолдану кезінде жиі кездесетін қателіктер мен оларды болдырмау жолдары талқыланды.

Іс-шара соңында қатысушылар өз пікірлерімен бөлісіп, сұрақтарына жауап алды. Мемлекеттік рәміздер – еліміздің тәуелсіздігі мен біртұтастығының маңызды символдары. Сондықтан олардың тарихы мен қолдану мәдениетін түсіндіруге бағытталған осындай семинарлардың маңызы зор.

Ұлттық кітап күні мерекеленді

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Қазақстан Республикасында Ұлттық кітап күнін белгілеу туралы тапсырма берген болатын. Осыған орай, елімізде атаулы күндердің тізбесі тағы бір мерекемен толықты. Яғни, 23 сәуір – «Ұлттық кітап күні» болып белгіленді.

Жуырда Сарқан аудандық кітапханасында 23 сәуір – Ұлттық кітап күніне байланысты 16-23 сәуір күндері аралығында кітап апталығын өткізу шараларының жоспары әзірленіп, 16 сәуірде ашылу мерекесі өтті. Іс-шара ауданымыздың Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеппен бірлесе отырып ұйымдастырылды.

Іс-шараны аудан әкімінің орынбасары Алмас Ажарханұлы ашып, Сарқан аудандық кітапханасының әдіскері Сейполдина Айсұлу Тілектесқызы құттықтау сөз сөйлеп, ұлттың рухани тірегі – кітап екенін және бүгінгі шара сол құндылықты насихаттау жолындағы маңызды қадам екенін айтып өтті. Аудандық ардагерлер кеңесінің Әжелер ұйымының төрайымы Ырысжан Құрманәлиқызы кітапханашыларды мерекемен құттықтады.

Іс-шара барысында Құман Тастанбеков атындағы мәдениет үйінің қызметкерлері домбырамен қазақ әндерін орындап, қатысушыларға дәстүрлі музыканың ерекше атмосферасын сыйлады. Мерекелік іс-шараға әжелер ұйымы, «Жанұя» орталығының қызметкерлері, БАҚ өкілдері, Ақын сара атындағы мектеп оқушылары да қатысты. Кітапхана фойесінде биылғы жылдың өлкелік мерейтой иелеріне арналған кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жүргізілді.

Өз тілшіміз.

•Мезгіл мәселесі



Біз ерекше замандамыз: телефонды ұстасаң, бірден видеолар, ойындар, музыка, жаңалықтар және мыңдаған хабарламалар ашылады. Барлығы жарқын, жылдам. Мына әлем кітаптарды екінші орынға ығыстырғандай көрінеді. Бірақ шын мәнінде солай ма?

Көптеген балалар кітап беттерін ашудың орнына телефондарының экрандарын ашып қарайды. Бұл да түсінікті: телефон назарды бірден тартады, ал кітап оқу үшін тыныштық, уақыт пен төзімділік керек. Дегенмен, дәл осы ұғымдар – кітаптың күші болып табылады. Кітап тек көңіл көтермейді — ол қиялды дамытып, ойлануға, сезінуге және басқаларды түсінуге көмектеседі. Бала кітап оқығанда оқиғаның бір бөлігіне айналады: саяхаттайды, тәжірибе жинайды, қорытынды жасайды.

Оқу оқырманға тек білім беріп қана қоймай, сөйлеу қабілетін де жақсартады. Көп оқыған адам өз ойын дұрыс жеткізеді, есте сақтау қабілетін жоғарлатып қана қоймай сөздік қорын кеңейтеді, ессе жаза алады, мәтінді тез мазмұндап, айтып бере алады және сыныпта сенімді сөйлей алады. Телефон жылдам ақпарат берсе,

кітап терең мағына береді.

Әрине, бұл гаджеттерден мүлдем бас тарту керек деген сөз емес. Технология қазірдің өзінде өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды және оның пайдасы бар. Бірақ экрандар адамдардың өзара қарым қатынастарының орнын тартып алмауы тиіс. Мәселе – теңгерім табу. Сіз білімді, ақпаратты видеоларды көріп, интернеттен мәлімет іздей аласыз, бірақ күніне кем дегенде 15-20 минут кітап оқыған жөн.

Бүгінде кітап қызықсыз немесе ескірген зат емес. Бұл – қарбалас өмірден қысқа үзіліс алып, өзіңді тыңдауға, жаңа нәрсені түсінуге мүмкіндік. Телефон жылдамдықта алда болуы мүмкін, бірақ кітап мағыналылығымен ерекше. Қазір балалар өзіміздің аңыз, ертегілерімізді оқыса бұл болашақта өздеріне үлкен пайда. Біздің ұлттық дүниетанымдық кітаптар жамандықты үйретпейді керісінше батырларымызды таныстырып, олардың батылдығын көрсетеді, ізгілікке үндейді, жақсылыққа тәрбиелейді. Ал сіз не таңдасыз: қысқа жарқырайтын экранды ма әлде сізбен ұзақ бірге болатын әсерлі теңгімені ме?

Айсана ЕРЛАНҚЫЗЫ,
Ш.Уәлиханов атындағы №12
мамандандырылған гимназияның
11 сынып оқушысы.

Алматы қаласы.

Тарихи ескерткіштер мен кесенелер – халқымыздың өткені мен бүгінін жалғап тұрған баға жетпес рухани мұра. Оларды сақтау, келер ұрпаққа аман жеткізу, сондай-ақ жас буынның ел тарихын біліп, оны құрметтеуге тәрбиелеу – баршамыздың ортақ борышымыз.

Осы мақсатта Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің қызметкерлері 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен көрнекті орындарды қорғау күніне орай Көжиде ауылының Ерікті орта мектебінің оқушылары мен мұғалімдерінің қатысуымен «Ескерткіштер тарих сырын ашады» атты танымдық шара өткізді.

Шара барысында оқушыларға Сарқан ауданы мен Лепсі ауылында орналасқан тарихи ескерткіштер туралы мазмұнды бейнеролик ұсынылып, көрермендер туған жер тарихына терең бойлады. Сонымен қатар, Қазақстан тарихындағы елеулі оқиғалармен тығыз байланысты киелі нысандар жайында да тағылымды мәліметтер берілді. Атап айтқанда, Черкасск қорғанысы ескерткіші туралы баяндалып, оның ел тарихындағы орны мен маңызы кеңінен түсіндірілді.

Сондай-ақ, жергілікті білім ордаларында орнатылған мемориалдық тақталарға ерекше назар аударылды. Соның ішінде №54 орта мектепте Ауған соғысында ерлікпен

Ескерткіштер тарих сырын ашады



қаза тапқан жерлес жауынгерлерге арналған мемориалдық тақта туралы айтылып, олардың ерлігі мен қайсарлығы өскелең ұрпаққа үлгі ретінде дәріптелді. Бейнематериалда өңірдің мәдени мұралары таныстырылып, олардың тарихы мен тағылымдық мәні кеңінен түсіндірілді.

Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Лепсі ауылындағы Мұқан Төлебаев

көшесінде орналасқан ескерткіш 1994 жылдың маусым айында ұлы композитор Мұқан Төлебаевтың 80 жылдық мерейтойына орай орнатылғаны айтылды. Сондай-ақ, Алматы қаласында Мұқан Төлебаев көшесі мен Абай даңғылының қиылысында тұрған ескерткіштің 2002 жылғы 30 желтоқсанда ашылғаны туралы мәлімет берілді. Екі ескерткіштің де авторы – белгілі композитор Еркеғали Рахмадиевтың ұлы, мүсінші Едіге Рахмадиев. Бұдан бөлек, Мұқан Төлебаевтың 100 жылдық мерейтойы аясында Талдықорған қаласында орнатылған ескерткіш жайлы да кеңінен айтылды.

Бұдан бөлек, Талдықорған қаласында Абай Құнанбаевқа арналған ескерткіштің Ұлыстың ұлы күні қарсаңында ашылып, Бикен Римова атындағы драма театрының алдына қойылғаны айтылды. Сонымен қатар, Жетісу облысы, Сарқан ауданында 2021 жылы

ашылған Алдияр батыр ескерткіші, Лепсі ауылында 2014 жылы бой көтерген Қаңай батыр ескерткіші және Лепсі–Сарқан автожолының 28-шақырымында орналасқан, 1993 жылы тұрғызылған Әулие баба Көтентәуіп ата ескерткіші туралы да толық мәлімет берілді.

Танымдық шара барысында музей қызметкерлері әрбір ескерткіштің халық тарихының ажырамас бөлігі екенін атап өтіп, оқушыларды ұлттық құндылықтарды қадірлеуге шақырды.

Шараның басты мақсаты – жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру, туған елдің мәдени мұрасына деген құрмет сезімін арттыру және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу болды.

Ұлыдала төсіндегі тарихи-мәдени ескерткіштер – ұлтымыздың баға жетпес байлығы, өткенімізден сыр шертетін қасиетті мұра. Бүгінде түркі тектес халықтарға ортақ құндылыққа айналған бұл ескерткіштер – терең тарихымыздың айғағы. Сондықтан оларды көздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа аман жеткізу – әрқайсымыздың қасиетті парызымыз.

Д.ТУНГАТОВА,
Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің экскурсия жүргізушісі.

Аудандық мәслихаттың шешімі

«Сарқан ауданы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2025 - 2029 жылдарға арналған жоспарды бекіту туралы» Сарқан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 35-142 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

«Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес, Сарқан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Сарқан ауданы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2025 - 2029 жылдарға арналған жоспарды бекіту туралы» Сарқан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 35-142 келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 11-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.


2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихатының «Экономика, бюджет, аграрлық сала, жер қатынастары, экология, кәсіпкерлікті дамыту және туризм мәселелер жөніндегі» тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарқан аудандық мәслихатының төрағасы

М. Разбеков

Жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю бойынша халық мұқтажына арналған жайылымдар, оның ішінде көпшілік пайдаланатын жайылымдар белгіленген схеманы (картаны)



Решение районного маслихата

О внесении изменений в решение маслихата Сарканского района от 26 декабря 2024 года № 35-142 «Об утверждении плана по управлению пастбищами и их использованию по Сарканскому району на 2025-2029 годы»

В соответствии с подпунктом 1) статьи 8 Закона Республики Казахстан «О пастбищах» Сарканский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение маслихата Сарканского района от 26 декабря 2024 года № 35-142 Об утверждении плана по управлению пастбищами и их использованию по Сарканскому району на 2025-2029 годы» следующие изменения:

приложение 11 к указанному решению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему решению.


2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на постоянную комиссию «По вопросам экономики, бюджета, аграрной сферы, земельных отношений, экологии, развития предпринимательства и туризма»

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней со дня его первого официального опубликования.

Председатель Сарканского районного маслихата

М. Разбеков

Схему (карту) с обозначением пастбищ, предназначенных для нужд населения по выпасу сельскохозяйственных животных личного подворья, в том числе общественных пастбищ



Интернет алаяқтық:

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН БІЛУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен бірге киберқылмыстардың, соның ішінде интернет алаяқтығының саны артып отыр. Алаяқтар азаматтардың сеніміне кіру үшін түрлі айла-тәсілдерді қолданып, олардың банктік шоттарындағы қаражатын заңсыз иемденуде. Аудандық прокуратура осы бағыттағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында тұрғындарды сақ болуға шақырады.

Мәселен, статистикалық талдау нәтижелеріне сүйенсек, аудан бойынша 2025 жылы интернет алаяқтығына қатысты 20 қылмыстық іс тіркелсе, 2026 жылдың сәйкес кезеңінде 7 қылмыстық іс тіркелді.

Тәжірибе көрсеткендей, қылмыскерлер көбіне келесі әдістерді пайдаланады:

- Жалған қоңыраулар (Вишинг): Өздерін банк қауіпсіздік қызметінің немесе құқық қорғау органдарының қызметкері ретінде таныстырып, «сіздің шотыңызда күмәнді операция жүріп жатыр» деп қорқытады.

- Инвестициялық алаяқтық: Әлеуметтік желілерде «жоғары табыс», «мемлекеттік жобалардан дивиденд алу» немесе «криптовалютамен байып кету» туралы жалған жарнамалар таратады.

- Фишингтік сілтемелер: Таңымал сауда сайттары мен банк қосымшаларына ұқсас жалған сілтемелер арқылы жеке мәліметтерді (логин, пароль, карта нөмірі) ұрлайды.

- Онлайн-сауда: Тауарды тым



арзан бағаға ұсынып, алдын ала төлем жасауды талап етеді де, кейін байланысқа шықпай қояды.

Аудан прокуратурасы ескертеді

Қаржылық шығынға ұшырамас үшін келесі ережелерді қатаң сақтау қажет:

1. Құпия мәліметтерді жарияламаңыз: Ешқашан ешкімге өзіңіздің ПИН-кодыңызды, картаның сыртындағы CVV/CVC кодын және ұялы телефоныңызға келген бір реттік құпия кодтарды айтпаңыз.

2. Ресми органдарға сеніңіз: Банк немесе полиция қызметкерлері телефон арқылы ешқашан карта мәліметтерін сұрамайды және ақшаны «қауіпсіз шотқа» аударуды талап етпейді. Мұндай қоңырауды алсаңыз, дереу тұтқаны қойып, банктің ресми нөміріне өзіңіз хабарласыңыз.

3. Күмәнді сілтемелерді аш-

паңыз: Белгісіз тұлғалардан келген сілтемелер арқылы жеке деректеріңізді енгізбеңіз.

Құқықтық салдар

Интернет алаяқтық жасағаны үшін ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабы (Алаяқтық) бойынша қылмыстық жауаптылық көзделген. Оған сәйкес, қылмыскерлер мүлкі тәркіленіп, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Егер сіз алаяқтық әрекеттердің құрбаны болсаңыз немесе күмәнді жағдайға тап болсаңыз, дереу 102 арнасына немесе аудандық полиция бөліміне хабарласуыңыз қажет. Барлық дәлелдемелерді (хаттар, чектер, телефон нөмірлері) сақтап қойыңыз.

Есіңізде болсын, сіздің қаржылық қауіпсіздігіңіз өз қолыңызда. Сақтық танытып, алаяқтардың арбауына түспеңіз!

Қарақұрдың шағылысу кезеңі

Жоңғар Алатауы – сирек кездесетін жануарлар мен құстарға бай ерекше табиғи аймақ. Солардың бірі – қара құр. Бұл құс көктем мезгілінде шағылысу кезеңіне кіріп, арнайы алаңдарда (топтарда) жиналып, ерекше мінез-құлық көрсетеді. Дәл осы кезеңде қара құр үшін тыныштықтың маңызы өте зор.

Шағылысу кезінде құстар өте сезімтал болады. Адамдардың шуылдауы, техника дыбысы немесе малдың жақындауы олардың үркіп кетуіне әкеледі. Нәтижесінде қара құрлар өздерінің қалыпты тіршілігін бұзып, ұя салу немесе көбею процесі сәтсіз өтуі мүмкін. Бұл өз кезегінде олардың санының азаюына әсер етеді.

Сондықтан «Жоңғар-Алатауы МҰТП» аумағында қара құрдың шағылысу кезеңінде тыныштық режимін сақтау – табиғатты қорғаудың маңызды шараларының бірі. Бұл уақытта белгілі бір аумақтарға кіруге шектеу қойылып, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Табиғат пайдаланушылар мен туристерге осы талаптарды сақтау міндеттеледі.

Қара құр – табиғаттың нәзік бір бөлігі. Оны қорғау – біздің ортақ міндетіміз. Әсіресе көбею кезеңінде тыныштықты сақтау арқылы біз олардың санын сақтап, табиғи тепе-теңдікті қорғауға үлес қоса аламыз.

Д.ҚЫДЫРБАЙ,
«Жоңғар Алатауы МҰТП»
РММ Алакөл филиалының
аңшылықтанушы-биологы.

Қасиетті мекенімізге қамқор болайық

Қоршаған ортаны қорғау – ең маңызды әрі қажетті міндетіміздің бірі. Табиғатты тани білу, қорғай білу адамзат баласына парыз. Қазіргі таңда ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғатты қорғап, аялау — барша жұрт үшін тіршілік қамы. Табиғат адамға қажет баға жетпес байлық, ырыс пен мол қазынаның қайнар көзі, сондықтан халқымыз: «Табиғат- адамзаттың өмір нәрі, Қажетінің табылар содан бәрі» — деп дәріптеген. Табиғат — бұл біздің санамыздан тыс, бізге бағынбайтын, біздің өмірімізге тірек болып тұрған болмыс, әсем дүние. Табиғат байлығының бір бөлшегі — жасыл орман екені айдан анық. Оның адам өмірінде маңызы зор. Ол әртүрлі тамақтың, өнімдердің, техникалық және дәрілік шикізаттың көзі. Халқымыз орманды өмір өзегі деп аялап, одан қамқорлығын аямаған. «Әкеңнен мал қалғанша, тал қалсын» деген өрнекті сөз соның айғағы. Жасыл әлем адам бойына шабыт, көңіліне қуат, сезіміне сағыныш пен сұлулық ұялатады. Орманды, жалпы Жер — Ананы сақтау үшін, табиғат заңын қатаң сақтаған жөн. Табиғатты қорғау — Отанды қорғау деген сөз. Өз денсаулығымызды сақтау үшін, айналамызды ластамай, керісінше, Жер- Анамызды жасыл желекке айналдырып, еліміздің табиғат қорларын тиімді пайдалану керек. Табиғат- Тәңір жаратылысы, адам - табиғаттың перзенті. «Бір ағаш кессең, он ағаш ек» деген нақыл сөз бар ата-бабамызда. Қоршаған ортаның өзгеруіне сезімтал келетін өсімдіктер мен ормандарды қорғап, олардың қорын молайту жайында адамдарға насихаттаудың маңызы зор. Қазір жаз айы болғандықтан, табиғат аясында, орман алқабында, тау аңғарларында демалушылар саны көп. Табиғатқа саяхат жасау, орманда серуендеп, қыдыру кезінде әртүрлі қоқыс қалдықтарын тастап кетеді, болмаса жаққан оттарын өшірмей кетеді. Осындай жауапсыздықтың арты — орны толмас өкінішке әкеліп жатады. Өрт — өлкенің өзегін талқандайтын тілсіз жау, сондықтан соның алдын алуды ойлайық. Қоршаған ортаға зәредей зияның тимесін, керісінше аз да болса пайдаң тисін. Қасиетті мекеніміз қасіретті ертеңімізге айналмасын десек, Жер-Анаға қамқорлығымызды көрсетейік. Елдің егесі, киелі даланың иесі бізбіз! Сол себепті сіз болып, біз болып жасыл желек орманымыз бен әдемі табиғатымызды аялайық, күтейік, қорғайық!

А.КОПТЛЕУОВ,
Берлітөбе ОШКММ-нің Құрақсу орманшылығының орман шебері.

ЕЛ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН БОРЫШ

Салық – мемлекеттің дамуы мен қоғамның тұрақтылығының негізі. Өрбір азамат өз табысынан заңда белгіленген мөлшерде салық төлей отырып, елдің экономикасына үлес қосады. Жиналған қаражат білім беру, денсаулық сақтау, жол құрылысы, әлеуметтік көмек сияқты маңызды салаларды қаржыландыруға жұмсалады.

Сондықтан салық төлеу – тек заң талабы ғана емес, ол азаматтың ел алдындағы жауапкершілігі мен борышы. Егер де азамат салық төлеуден жалтарған жағдайда іс бірден сот орындаушыға емес, алдымен салық органдары мен сот арқылы өтеді. Ал сот шешімі шыққаннан кейін сот орындаушы іске кіріседі.

Сот орындаушының іс-әрекеттері: 1. Атқарушылық іс жүргізуді қозғау. Сот шешімі немесе салық органының қаулысы негізінде атқарушылық іс ашылады. 2. Борышкерге хабарлама жіберу. Азаматқа қарызы өз еркімен төлеу үшін белгілі бір мерзім беріледі. 3. Мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары. Егер белгіленген уақытта төлем жасалмаса: Банктік шотта-

рына тыйым (арест) қойылады; Жалақысы мен өзге табыстарынан ұстап қалу жүргізіледі; Мүлкі анықталып, тізімге алынады. 4. Мүлкті тәркілеу және сату. Қарыз өтелмеген жағдайда мүлік сатылып, түскен қаражат салық қарызын жабуға жұмсалады. 5. Қосымша шектеулер енгізу. Елден шығуға уақытша тыйым салу. Көлік құралдарын пайдалануға шектеу қою (кей жағдайда). 6. Борышкерді іздестіру. Егер азамат жасырынса немесе байланысқа шықпаса, іздеу жариялануы мүмкін.

Салық төлеуден жалтару тек әкімшілік емес, ірі мөлшерде болса қылмыстық жауапкершілікке де әкеледі. Сондықтан сот орындаушының әрекеттері заң аясында қатаң түрде жүргізіледі.

Қысқаша айтқанда, сот орындаушының мақсаты – салық қарызын толық әрі мәжбүрлі түрде өндіріп алу.

А. ИМАНДУСАНОВ,
Жетісу облысы бойынша жеке сот орындаушылар палатасының жеке сот орындаушысы.

ОРМАН ӨРТІНЕ ЖОЛ ЖОҚ

Орман – табиғаттың баға жетпес байлығы, тіршілік атаулының тыныс-тірегі. Алайда жыл сайын орын алатын орман өрттері экологияға орасан зиян келтіріп, жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемін жойып, адам өміріне қауіп төндіруде. Сондықтан орман өртінің алдын алу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Көп жағдайда орман өрттері адамның салғырттығынан туындайды. Сөндірілмеген от, бей-берекет тасталған темекі тұқылы, құрғақ шөпті әдейі өртеу – үлкен апатқа әкелуі мүмкін. Әсіресе жаз мезгілінде күннің ыстығы мен желдің әсерінен өрт жылдам таралады.

«Жоңғар Алатауы» Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі ескертеді, орман өртіне жол бермеу үшін қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет: – Орманда от жақпау немесе жаққан жағдайда толық сөндіру; – Темекі тұқылын жерге тастамау; – Қоқысты, әсіресе шыны қалдықтарын қалдырмау; – Құрғақ шөпті өртемеу; – Өрт белгілерін байқасаңыз, дереу тиісті мекемелерге хабарлау.

Өртке қауіпті маусым да басталып келеді. Орман өртіне жол бермеу үшін жергілікті атқарушы орган өкілдерімен бірлесіп біздің орман шаруашылығының қызметкерлері және ауыл тұрғындарымен ынтымақтаса отырып мынадай кешенді шаралар-

ды атқарудамыз: 1. Алдын алу жұмыстары – Орман ішінде және маңында құрғақ шөптер мен құраған ағаштарды тазалау; – Өртке қарсы жолақтар жасау; – Демалушыларға арнайы от жағу орындарын белгілеу. 2. Түсіндіру және ақпараттандыру – Халық арасында өрт қауіпсіздігі ережелерін насихаттау; – Мектептерде, мекемелерде түсіндіру жұмыстарын жүргізу; – БАҚ арқылы ескерту хабарламаларын тарату. 3. Бақылау және қадағалау – Орман алқаптарын тұрақты патрульдеу; – Бақылау мұнаралары мен бейнекамералар орнату; – Қауіпті маусымда орманға кіруге шектеу қою. 4. Техникалық дайындық – Өрт сөндіру техникаларын (су таситын көліктер, құрал-жабдықтар) дайындау; – Орманшыларды арнайы оқыту; – Су көздерін (тоған, резервуар) әзірлеу. 5. Заң және жауапкершілік – Өрт қауіпсіздігін бұзғандарға айыппұл салу; – Қасақана өрт қойғандарға қатаң сәт қолдану. 6. Жедел әрекет ету – Өрт анықталған сәтте дереу өрт сөндіру қызметін шақыру; – Өртті бастапқы кезеңде оқшаулау;

Табиғатты қорғау – келер ұрпаққа аманат. Өрбір азамат қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарап, орманды өрттен сақтауға үлес қосуы тиіс. Орманды сақтау – өмірді сақтау екенін ұмытпайық!

А.КАЙРБЕКОВА,
Сарқан филиалының байланыс диспетчері.

Еуропалық иммундау апталығы

2026 жылдың 24 – 30 сәуір аралығында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасы бойынша Еуропа аймағында, соның ішінде Қазақстан Республикасында «Вакциналар әрбір ұрпақ үшін жұмыс істейді» ұранымен Еуропалық иммундау апталығы өткізіледі.

Вакцинация - медицина тарихындағы ең қуатты құралдардың бірі. Соңғы жарты ғасырда вакциналар 150 миллионнан астам адамның өмірін сақтап қалды. Бұл өздігінен болған жоқ, бұл - жақындарын қорғау үшін қабылданған миллиондаған адамдардың саналы шешімдерінің нәтижесі. Елестетіп көріңіз: 50 жыл бойы әр минут сайын 6 адамның өмірі сақталып келеді.

Бұл көрсеткіштердің артында жанқияр медициналық қызметкерлер, жауапты ата-аналар және тұтас қоғамдастықтар тұр. Бұл - қызылша, дифтерия, көкжөтел және полиомиелит сияқты ауруларсыз болашақты таңдаған бірнеше ұрпақтың шешімінің нәтижесі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы иммундау мәселелеріне назар аудару үшін Еуропалық иммундау апталығын 2005 жылдан бастап жүргізуде. Бұл шара жыл сайын сәуір айының аяғында, тұрғындарды ақпараттандыру деңгейін жоғарылату және барлық Еуропа аймағында иммундауды жандандыру мақсатында жүргізіледі.

Еуропалық иммундау апталығының негізгі міндеті – арнайы алдын алу шаралары арқылы әрбір адамның сырқаттанушылықтан қорғануға қажеттілігі және оған құқығы бары туралы түсінігін қалыптастыру.

Бүгінгі күнге жұқпалы аурулардың алдын алуда денсаулық сақтау саласының басты бағыты вакцинация болып табы-

лады. Иммундау арқылы жұқпалы аурулардан қорғану ұзақ жылдардан белгілі. Тиімді және қауіпсіз вакцинаны қолдану нәтижесінде эпидемияға, өлім жағдайына алып келетін бірқатар ауыр жұқпалы аурулардың жойылуына қол жеткізілді, жұқпалы ауруларға қарсы ұжымдық иммунитет және тұрғындардың эпидемиялық салауаттылығы қалыптасты.

Соған қарамастан, бірнеше ұрпақтың еңбегімен қол жеткізілген бұл прогресс қауіп-қатерге ұшырауда. Жыл сайын шамамен Жетісу облысында 500 бала қажетті вакциналарды алмайды, оның ішінде 70% бірде-бір вакцина дозасын алмаған. Бүгінгі күні жалған және жаңылыстыратын ақпараттың таралуы да үлкен қауіпке айналып отыр. Бұл тек осы балаларға ғана емес, бүкіл әлемдегі өз денсаулығы мен отбасыларының денсаулығына қатысты дұрыс шешім қабылдауға ұмтылатын адамдарға қатысты.

Вакциналар туралы жалған ақпарат вакциналар алғаш пайда болғаннан бері болғанымен, ол кеңінен таралып, қоғамның сеніміне қауіп төндіруде. Зерттеулер көрсеткендей, тіпті жалған ақпаратпен бетпе-бет келу адамдардың вакцина қауіпсіздігіне күмән келтіруіне себеп болуы мүмкін. Бұл бұрын балаларын вакцинациялаған ата-аналарға да әсер етуі мүмкін.

Бірнеше жылдар бойы Жетісу облысында тұрғындардың екпемен жоғары қамтылуының нәтижесінде дифтерия, полиомиелит сырқаттанушылықтары тіркелген жоқ. Қызамық, жіті вирустық «В» гепатиті, эпидемиялық паротит сырқаттанушылықтары едәуір төмендеген. Облыс бойынша барлық тіркелетін инфекциялық және паразиттік сырқаттанушылықтар арасында им-

мундаумен басқарылатын бес жұқпалы аурулардың (эпидемиялық паротит, көкжөтел, қызылша, вирустық А, В гепатиттері) үлесі тек 1,5% құрайды.

Иммундау арқылы алдын алуға болатын жұқпалы аурулардың қауіпі толығымен жойылған жоқ. Өкінішке қарай, әлем бойынша жыл сайын жұқпалы ауруларға қарсы егілмеген миллионға жуық бала өлім жағдайына ұшырайды. Иммундау тұрғындардың денсаулығы үшін маңызды.

Дамып келе жатқан мемлекеттер балаларына вакцина алуға күресіп жатқанда, дамыған елдерде басқа мәселелер туындауда. Ересектер мен балалар арасында сырқаттанушылық көрсеткішінің төмен деңгейінен, ата - аналар балаларын ектіруден негізсіз бас тартуда. Бұл жалған сенімдер дифтерия, қызылша, көкжөтел, паротит секілді сырқаттанушылықтардың жоғарылауына әкеліп соқтыруы мүмкін. Бұған 2023 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін орын алып жатқан қызылша, көкжөтелдің жағдайлары мысал бола алады. Жетісу облысында 2023 жылы қызылшаның 576, 2024 жылы 727, көкжөтелдің 177 жағдайы тіркелді. Ал 2026 жылы қызылшаның 87 жағдайы тіркелді. Оның ішінде қызылшамен ауырғандардың 80%, көкжөтелдің 92% вакцинацияланбаған балалар мен иммундық мәртебесі белгісіз адамдарға өтеді.

Бірақ көптеген ата-аналар екпелерді медициналық қызметкерлермен формальды түрде жасалады деп бағалайды, көбінесе сауықтыру сипатында қарамайды, оның салдары негізсіз екпеден бас тартуға әкеліп соқтырады. Барлық ата-аналар өз балаларының саламаттылығы мен денсаулығы үшін

алаңдайды, осындай қағида вакцинопрофилактика үшін де саламатты өмір салты ретінде негізгі болып қалыптасуы тиіс. Ата-аналардың өз балаларының денсаулығына белсенді көңіл бөлуі және медициналық қызметкерлермен тығыз байланыста болуы вакцинопрофилактика үшін сенімді көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы вакциналарға бөлінген шығындардың эпидемиологиялық тұрғыдан тиімділігі дәлелденген, яғни сырқаттанып емделгенге қажетті шығыннан шамамен 10-нан 1000 есеге дейін төмен.

Иммундау апталығы шеңберінде егілусіз қалып жатқан басқа республикалардан, аймақтардан келген, тіркеусіз (оның ішінде саяжайларда), заңсыз тұрақтаған халық топтарын, дін қауымдарының мүшелерін анықтап жұқпалы сырқаттанушылыққа қарсы жоспарлы иммундауға медициналық ұйымдарға есепке алу шаралары ұйымдастырылады. Тұрғындар арасында вакциналардың тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы, иммундауға сенімді көзқарасты қалыптастыру және Қазақстан Республикасының «Ұлттық күнтізбесіне» сәйкес жастарына байланысты егумен толық қамту жөнінде түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылады.

Балаңызды қазір ектіру арқылы, Сіз тек сырқаттанушылықтың пайда болуының алтын алып қана қоймай, ауыр асқинулардан сақтап қаласыз, бұл өте маңызды. Сырқаттанбай тұрып, балаңызға қазір көмектесіңіз! Оның болашақ өмірін қауіпсіз етіңіз, өзіңізге дені сау ұрпақ қуанышын сыйлаңыз! Иммундау апталығы – өз балаңызды және өзіңізді бүгін қорғаудың мүмкіндігі!

А. ЖАРТЫБАЕВА,
Сарқан аудандық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

«Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына өтінім қабылдау басталды

2021 жылдан бері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен шығармашыл жастарды қолдау мақсатында жыл сайын «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты бөлініп келеді.

2026 жылы республикалық деңгейде әрқайсысы 3 млн теңгеден 30 грант беріледі.

Грантқа Қазақстан Республикасының 14 пен 35 жас аралығындағы (34 жасты қоса алғанда) азаматтары үміткер бола алады.

Грант конкурстық негізде келесі 6 бағыт бойынша жобаларды іске асыру үшін беріледі:

- «Ғылым» – жаңа ғылыми жобаларды және зерттеулерді іске асыруға арналған;
- «Мәдениет» – Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттауға, ұлттық дәстүр мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыруға арналған;
- «Ақпараттық технологиялар» – жаңа IT шешімдер мен жобаларды, оның ішінде жаңадан басталған стартап жобаларды іске асыруға және әзірлеуге арналған;
- «Бизнес» – жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған;
- «Медиа» – жаңа медиа жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыруға арналған;
- «Волонтерлік» – өзекті, әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған волонтерлік жобаларды (бастамаларды) іске асыруға арналған.

Үміткерлердің конкурстық өтінімдері 2026 жылғы 21 сәуірден 21 маусым аралығында (21 маусым күні сағат 24:00-ге дейін) қабылданады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі (мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде):

1. Конкурстық өтінім: <https://forms.gle/8Edm9PwoqZZQyW287>
2. 2-қосымша сәйкес нысан бойынша жобаның сипаттамасы (PDF форматы);
3. Жоба бойынша (60 секундтан аспайтын) бейнематериал немесе (10 слайдтан аспайтын) презентация;
4. 3-қосымша сәйкес нысан бойынша шығындар сметасының жобасы (PDF форматы);
5. Зияткерлік меншік туралы мәлімет (бар болса, PDF форматы);
6. Жеке куәлік немесе туу туралы куәліктің көшірмесі (PDF форматы).

Анықтама үшін байланыс телефондары: 8 (7172) 74-12-78, 8 777-114-66-82

E-mail: t.urpaqtary2026@gmail.com

(жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін).

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми интернет ресурсы.



«Алтын қолды» аспаз құрметті демалысқа шықты

Балабақша – бүлдіршіндердің екінші үйі болса, аспаз – сол үйдің берекесі. Көп жылдар бойы таң атпастан келіп, кішкентай бүлдіршіндеріміз үшін ең дәмді ас дайындайтын, өз ісінің шебері, аяулы аспаз Джумаканова Гүлбақыт апайымыз зейнет демалысына шықты.



Сәуір айының 14-і күні Ақтұма ауылының орта мектебі үшін ерекше күн болды. Талай жыл бойы асхананың отын жағып, қазан-ошақтың басында бүлдіршіндеріміздің денсаулығы мен тамағының сапасына жауап берген аяулы әріптесімізді зейнет демалысына салтанатты түрде шығарып салдық. Қазақи дәстүрімізге сай, ұжым атынан апайымыздың иығына кестелі шапан жауып, басына ақ жаулық салып, сый құрмет көрсетіп, ардақты ана, парасатты зейнеткер мәртебесіне ие болуымен құттықтадық.

Аспаз болу — тек тамақ пісіру емес, ол — үлкен жауапкершілік. Апайымыздың қолынан шыққан дәмді ботқалар мен хош иісті нандарды балалар сүйсініп жейтін. Ол кісінің асханасында әрқашан тазалық пен жылулық сезілетін. Ұжым арасында да салмақты мінезімен, ақылшы бола білгенімен үлкен беделге ие болды.

«Аспаздың қолы алтын, жүрегі кең болуы керек. Біздің апайымыз дәл сондай жан. Оның пісірген асының дәмі балалардың есінде мәңгі қалады», — деп әріптестері қимастықпен ақ тілектерін жаудырды.

Жанымхан АТИЕВ,
Ақтұма ауылының тұрғыны.



Ересектер арасындағы футболдан жарыс

Жуырда Сарқан қаласында «Спорт-діни экстремизм мен терроризмге қарсы» ұранымен ересектер арасында футболдан жарыс өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты-қоғамда экстремизм мен терроризмнің алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру және азаматтарды бірлік пен татулыққа тәрбиелеу.

Жарыс барысында жарысқа қатысушылар қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдайтын азаматтық ұстанымдарын да көрсетті.

Мұндай спорттық іс-шаралар экстремизм мен терроризмге қарсы иммунитет қалыптастырып, халық арасында достық пен өзара түсіністікті нығайтуға ықпал етеді.

Өз тілшіміз.

Хабарландыру/Объявление

► Открылось наследство после смерти гр. **Ахмадиева Жаксобека Жунисбековича**, умершей 25 октября 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Ерболаеву А.А., область Жетісу, Сарқанский район, город Сарқан, улица Тәуелсіздік, дом №100, квартира №16.

► **Сауырбек Нұрлыбектің** атына 2016 жылы берілген «В, С1» категориялы ВJ 171713 жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Сыдықова Нурчаканның** атына тіркелген Сарқан ауданы, Екіаша ауылдық округінің аумағында орналасқан 31 га көлемді жердің (кадастрлық нөмірі 03-263-053-394) жер учаскесіне уақытша өтеулі, ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын беретін №1142596 мемлекеттік акті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Рахманжол Қайраттың** атына 2016 жылы Алматы қалалық ПД-нен берілген «В, С1» категориялы ВJ 171364 жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Сейтбатқалов Болат Камидоллановичтің** атына тіркелген Сарқан ауданы, Лепсі ауылдық округі, Көкжиде ауылының аумағында орналасқан 913,5 га көлемді жердің (кадастрлық нөмірі 03-263-056-137) жер учаскесіне уақытша өтеулі, ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын беретін №1143058 мемлекеттік акті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Сағындықова Фарида Бейсембаевнаның** атына тіркелген Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Сатпаев көшесі № 28 үйдің (кадастрлық нөмірі 03-267-006-740) жер учаскесіне уақытша өтеулі, ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын беретін № 1152108 мемлекеттік акті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖЕҢІМПАЗ

19 сәуір күні Алматы қаласында 21,1 км қашықтықта өткен Almaty Half Marathon жоғары деңгейде ұйымдастырылды!

Бұл ірі спорттық шараға 44 елден қатысушылар келіп, жалпы саны 10 000-ға жуық жүгіруші бас қосты. Жуырда өткен марафон жарысында



жерлестеріміз жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарды иеленді. Дүбірлі додаға әр өңірден жиналған спортшылар қатысып, өзара мықтыны анықтады. Осындай тартысты бәсекеде біздің ауданның намысын қорғаған қатысушылар табандылық пен төзімділіктің үлгісін көрсетті.

Сарқан ауданынан да намысты қолдан бермеген азаматтарымыз қатысып, өз күштерін сынаған Шерубаев Ғалым, Аязбаев Мәлік, Елеусизов Қуандық сынды жерлестеріміз нағыз қайсарлықтық үлгісін көрсетті. Осы орайда 70+ тобында жүгірген желаяқ атамыз Шерубаев Ғалым 5 орынды иеленгендігін айрықша атап өткеніміз жөн. Жетпістен асса да асқан ерік пен жігер көрсеткен Ғалым атамызды жеңісімен құттықтаймыз.

Жарыс барысында спортшылар ұзақ қашықтықты еңсеріп қана қоймай, жоғары дайындық пен ерік-жігердің арқасында алдыңғы қатардан көрінді.

Жерлестеріміздің бұл табысы жастарды спортпен шұғылдануға ынталандырып, салауатты өмір салтын насихаттауға зор үлес қосары сөзсіз.

Алдағы уақытта да желаяқ жерлестеріміз биік белестерді бағындырып, аудан намысын абыроймен қорғай береді деген сенім мол. Жерлестерімізді құттықтаймыз! Осындай жарыстарда белсенділік танытып, салауатты өмір салтын насихаттай беріңіздер!

Өз тілшіміз.